



БҰЙРЫҚ

2025жыл 4.09.

Зеренді ауылы

ПРИКАЗ

№ 382

село Зеренда

Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру туралы

Жаңа 2025-2026 оқу жылының басталуына байланысты, балаларды оқуға толық қамту үшін қажетті жағдайларды жасау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп директорлары барлық санитарлық нормаларды сақтау арқылы ыстық тамақтандыруды ұйымдастырсын.

2. Ыстық тамақтандыруды 100 пайыз көрсеткішпен ұйымдастырсын.

3. Ақмола облыстық мәслихаты сессиясының 2023 жылғы 11 сәуірдегі №8С-2-2 шешімін орындау мақсатында, 1-ші сыныптан 4-ші сыныпқа дейінгі оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтылсын.

4. Жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларының тамақтануы жалпы білім қорының есебінен қаржыландырылсын, басқа балалардың тамақтануы үшін ата-аналар мен демеушілердің көмегімен ұйымдастырылсын.

5. Мектеп директорының бұйрығымен оқушылардың тамақтануының есебін жүргізетін және өз уақытында аудандық білім бөліміне тамақтану туралы есепті ұсынатын тұлға тағайындалсын.

6. Мектеп директорлары жауапты тұлға оқушыларды тегін тамақтанумен қамту туралы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес, құжаттарды тапсыру үрдісін ұйымдастыруын қамтамасыз етсін.

7. Мектеп кабинеттеріне жетекшілік ететін медициналық ұйымдардың басшылары:

- мектептің медицина қызметкерінің ұтымды тамақтану қағидаттарын енгізуді және сақтауды жүзеге асыруын қамтамасыз етсін;

- бракераж комиссиясының жұмысына қатыссын;

- № 16 Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес, күн сайын ас блоктарына таратар алдында бракераж журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдар мен аспаздық өнімдердің сапасына органолептикалық бағалауды жүргізсін;

- жауапты тұлғаға ерекше диеталық қажеттіліктері бар оқушылардың/тарбиеленушілердің тамақтануын ұйымдастыруға және

диеталық; тамақтануды қамтамасыз етуге бақылауды жүзеге асыруды қалыптастарсын және беосін; оқушылар арасында аурулардың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау және қалыптастыру жөнінде оқыту семинарларын, тренингтер мен дәрістер ұйымдастыру және тусіндіру іс—шараларын жургізе отырып, оқушылар мен тарбиеленушілердің денсаулығын сақтауға тарту, оқушылар мен тарбиеленушілердің денсаулығын сақтау шеңберінде санитариялық қағидалар талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

- перспективалы ас мәзіріне өзгерістер енгізген және тамақ өнімдерін ауыстырған жағдайда дайын тағамдардың шығуың, отырғызу нормаларын, тамақтану рационның химиялық құрамы мен энергетикалық құндылығын бақыласын;

- ас блогы персоналының денсаулық жағдайына апта сайын ішінара бақылауды жүзеге асырсын.

8. Білім беру ұйымының медицина қызметкерлерін тамақтану мәселелері бойынша кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттырудан өтуге жіберуге міндетті.

9. Бұйрықты мектеп директорларының назарына жеткізу білім бөлімінің бас маманы К. Даргеноваға жүктелсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.

Басшы



Д.Кенжеболатова